



АТҚАРУ КОМИТЕТІ

ИСПОЛНИТЕЛЬНЫЙ КОМИТЕТ

ҚАУЛЫ

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

20.02.2026 жыл

№ 9, 13-т.

«Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіподағы» ҚБ-нің «Кәсіподақ ардагері» төсбелгісі туралы ережесіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.

Кәсіподақтың нормативтік құжаттарын өзектендіру мәселесін қарастыра отырып, Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағының Атқару комитеті **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіподағы Атқару комитетінің қаулысымен бекітілген (2022 жылғы 23 желтоқсандағы № 21 хаттама, 6-т.) «Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағы» ҚБ-нің «Кәсіподақ ардагері» төсбелгісі туралы ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін.

2. Ереженің 2.1-тармағы келесі редакцияда жазылсын:

- 2.1. «Кәсіподақ ардагері» төсбелгісімен кәсіподақ өтілі 35 және одан да көп жылды құрайтын, сондай-ақ кәсіподақ ұйымдарының қызметіне белсене араласатын оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім беру ұйымдарының қызметкерлері марапатталады.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Кәсіподақ төрағасының орынбасары В.Ф. Беженаровқа жүктелсін.

Төраға

А. Мұқашева